

# АЛТАУ Ардагері



ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№11(21) 15 наурыз 2024 жыл

Қарттарым, аман-сау жүрші!

## СӨЗ БЕН ІСТІҢ БІРЛІГІ - БАСТЫ ҰСТАНЫМЫ

Қашаннан қалыптасқан дәстүр бойынша қоғамдық өмірде мемлекеттік және үкіметтік органдардан бастап, кіші-гірім мекемелерге дейін жыл айналып келген сайын ел алдында есеп беріп отыруды бұлжымас заңға айналдырып келеді. Мәні мен маңызы зор бұл мәселенің халық үшін тигізер пайдасы орасан екені айтпаса да түсінікті.

Күнделікті өміріміздің жарқын беттерінде жақсы айтылып келе жатқан алдыңғы буын ағалардың алдында ардагерлер мен ақсақалдардың көрсетіп келе жатқан өн бойына жылу сыйлар өнегелері мен үлгі аларлық үрдістері үнемі алдыңғы қатарда тұрады. Расында да көненің көздері болып табылатын ақыл-ойы толысқан асқар таудай аталарымыз бен ақша бұлттай ақ жаулықты аналарымыздың алар орны әрдайым даралады. Бұл жөнінде мемлекетіміздің басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев күн тәртібінен түсірмей үлкен басқосуларда қайта-қайта қадап тұрып айтып келеді. Халықтың да «алдыңғы арбаға» арқа сүйеп келе жатқаны ақиқат.

Бұған өткен аптада орталық кітапхананың оқу залында өткен Қарасай аудандық ардагерлер ұйымының жалпы жиналысын тілге тиек еткен орынды. Ардагерлердің атқарған жұмыстарының жылдық есебі мен одан кейінгі қолға алатын жұмыстарын сарапқа салу жиналысына аудан әкімінің орынбасары Рустам Атшабаров қатынасты. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша аудандық ардагерлер ұйымының төрағасы Сағат Ұлтаракұлы Мәсімақынов бастан-аяқ таразы талқысынан өткізіп, байыппен баяндап берді.

Осынау үлкен басқосуда аудандық әжелер алқасының төрайымы Ақылия Бекбайқызы да есеп беруден шет қалған



Сағат Ұлтаракұлы бүгінгі күні ұйымның құрамында 25100 зейнеткер, оның ішінде ҰОС-ына қатысқан Павел Игнатович және оларға тенеістірілген Зинаида Суханова, ҰОС-ының жесірлері – 20 адам, тыл еңбеккерлері – 474, Ауған соғысының ардагерлері - 246, Черно-

болы оқиғасына қатысқан – 49 ардагер бар екендігінен хабардар етті. Өткен жылы мемлекет тарапынан ҰОС-ына қатысқан үш ардагерге 1,5 млн теңгеден берілсе, ардагерлер ұйымынан 100 000 теңгеден ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілген. Ал, Ауған соғысы ардагерлерінің әрқайсысына 150 мың теңгеден, барлығы 37,2 млн теңге бөлінген.

Сол сияқты бұған қоса Ленинград блокадасына қатысқан бір адамға 60 000 теңге, ҰОС-ының жесірлеріне 20 ардагерге 20 мың теңгеден, 474 тыл ардагерлеріне 30 мың теңгеден және аудандық ардагерлер қорынан 50 мың теңгеден көмек көрсетілген. Сондай-ақ, өткен жылы қайтыс болып кеткен ҰОС-ының ардагерлерінің жерлеуіне 150 – 100 мың теңгеден көмек көрсетілуінің өзі олардың әруағы мен рухына көрсетілген үлкен көмек емес пе?! Тәптіштеп айта берсек ардагерлерге көрсетіліп жатқан көмектің шеті шыға береді. Оларды тізбелеп айтып шығу да мүмкін емес.

Ашығын айтқанда, аудандық ардагерлер ұйымы жас ұрпақ тәрбиесі бағытындағы көкейкесті мәселелерге байланысты көмегін көрсетіп, ақыл-кеңесін айтып отыруды басты парызы санайды. Ұйым мүшелері келісіп пішкен тонның келте болмайтынын қаперге ала отырып, белгіленген жоспарға сәйкес айтулы іс-шараларды аяқсыз қалдырған емес. Ұйымның сөз бен істің бірлігін үйлестірудегі ізденістері олардың нәрлі нәтижесі бар жұмыс атқарып отырғанын айғақтап бере алады.

Осы жерде жүзеге асырылған іс-шаралардың ішінен бәрін айтпай-ақ, бірін айтқан жеткілікті сияқты. Оның атауы «Атадан қалған асыл сөз» деп аталатын ғылыми тұрғыдағы конференция. Басты мақсаты – ана тілімізді ардақтау. Аудандық мәдениет үйінде өткен осынау конференцияға облыстың 9 ауданы және 1 қаласынан ардагерлер ұйымдарының төрағалары мен мүшелері қатынасқан. Бұл ең бастысы атадан қалған асыл сөзді қалай жаңғырту мен жасампаздыққа апарудың жолдарын көрсетіп берген бағдаршам сияқты әсер қалдырды.

Бұл жерде ауданға қарасты ауылдардағы ардагерлер ұйымдарының да ортақ іске ойдағыдай үлестерін қосып келе жатқандығын артық болмайды. Мәселен, жыл айналып келіп жататын «Қарттар күніне» байланысты өтіп тұратын «Қарттарым - қазынам» байқауына барлық округтер ұйымшылдық белсенділікпен атсалысып отырған. Соның нәтижесінде Шамалған, Әйтей, Іргелі, Елтай, Ұмтыл округтерінің ардагерлер ұйымдары жеңімпаз атанған. Айта берсе, ардагерлер ұйымдарының салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, жәдігерлерімізді, қолөнерімізді, мәдениетіміз бен өнерімізді, қазақы спортымызды насихаттау барысында атқарып жатқан жұмыстары аз емес. Қарасай ауданы ардагерлерінің облысымызда алғашқылардың бірі болып 25 ардагерді қасиетті де қастерлі Түркістан жеріне апарып, аралатып қайтқаны өзгелерге сабақ болды.

Аталған жиынға қатынасушылар ардагерлер ұйымының жұмысына қанағаттанарлық деген баға беріп, алдағы жылда қолға алғалы отырған игілікті істеріне де сәттілік тіледі. Қоғамымыздың қозғаушы күші болып отырған ардагерлер ұйымының елдің ертеңіне деген болашағына тигізер ықпалы аз болмақ емес. Біз соған сүйіне қараймыз.

**Қанат ТӘКЕБАЕВ,**  
Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы

### ЖАНАЛЫҚТАР ВЕСТИ

#### «Аңсаған сәби»: биыл Алматы облысында 532 квота бөлінді

«Аңсаған сәби» бағдарламасы аясында Алматы облысында 532 әйелге перзент сүю бақыты бұйырады, деп хабарлайды облыстық денсаулық сақтау басқармасының баспасөз қызметі.



2022-2023 жылдары 19 000-нан аса әйелге ЭКО жасалыпты. Олардың 7000-нан астамы жүкті болған. Айта кетейік, эко орталықтарына қаржы міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі арқылы төленеді.

«Бытыр Алматы облысында 523 отбасы тегін экоға қол жеткізді. Биыл олардың саны артып отыр. Жалпы, экстракорпоральды ұрықтандыру еліміздегі 19 клиникада жүргізіледі. Оның 7-уі Алматы қаласында. Алматы облысында әзірге ондай орталықтар жоқ. Алматы облысындағы отбасылар осы клиникалар көмегімен балалы болуға тырысып жатыр», - дейді ведомство.

#### Снежные барсы в Алматинской области

Снежные барсы попали в фотоловушку в Алматинской области. Хищников заметили в государственном национальном природном парке «Көлсай көлдері», передаёт BaigeNews.kz.

Барс – один из самых редких крупных хищников Казахстана, внесён в Красную книгу нашей страны в 1978 года.



На территории национального парка по итогам учёта диких животных за 2023 год зарегистрировано около 20 особей этого животного.

Он является объектом многочисленных международных инициатив по сохранению. В 2013 году в Бишкеке 12 стран ареала, включая Казахстан, приняли «Глобальную программу сохранения снежного барса и его экосистем» (GSLEP).

11 февраля 2024 года в Узбекистане состоялось заседание GSLEP. Встреча была посвящена обсуждению прогресса в реализации программы и разработке дальнейших планов действий по сохранению снежного барса.

#### Алматы облысында сот орындаушы балалардың алиментін ұрлаған

Алматы облысында жеке сот орындаушысы бір жарым жыл бойы алимент жымқырған, деп хабарлайды Бас прокуратураның баспасөз қызметі.



Баспасөз қызметінің мәліметтеріне қарағанда, бір жарым айда борышкердің жалақысынан сот орындаушысының арнайы шотына баланы асырауға деп

816 мың теңге аударылған.

Сот орындаушысы бұл ақшаны баланың анасының шотына әрі қарай аудармаған.

Бұл ретте, алимент аударушының адалдығына қарамастан, сот орындаушысы борышкердің жүргізуші куәлігінің қолданылуын тоқтата тұруға дейінгі барлық шектеу шараларын қабылдады.

Сот орындаушысының жоғарыда аталған заңсыз әрекеттерінің нәтижесінде әкесі жұмысынан және табыс көзінен, ал баласы өзіне тиесілі алименттерден айырылды.

Облыс прокуратурасы жолдаған материалдар бойынша полиция Департаменті сот орындаушысына қатысты ҚР ҚК 251-бабы (Жеке сот орындаушысының өкілеттіктерін теріс пайдалану) бойынша қылмыстық іс қозғады.

Сондай-ақ, борышкердің жүргізуші куәлігі қалпына келтіріліп, бұрынғы жұмысына қайта орналастырылды.



жөк. Ол өткен жылы «Ата-баба ұрпаққа аманат», «Мәдениетті ана – мәдениетті ұлт» атты бағдарламалар тарапынан атқарылған жұмыстарды жүйелі түрде әңгімелеп берді. Ол кісі сонымен қатар облыстық ардагерлер ұйымы елеп-ескерген «Алғыс хаттарды» игі істерімен көзге түсіп жүрген ардақты ардагерлерге тапсырды.

быль оқиғасына қатысқан – 49 ардагер бар екендігінен хабардар етті. Өткен жылы мемлекет тарапынан ҰОС-ына қатысқан үш ардагерге 1,5 млн теңгеден берілсе, ардагерлер ұйымынан 100 000 теңгеден ақшалай қаражатпен қамтамасыз етілген. Ал, Ауған соғысы ардагерлерінің әрқайсысына 150 мың теңгеден, барлығы 37,2 млн теңге бөлінген.

### БҮГІНГІ САҢНАН ОҚИТЫҢДАРЫҢЫЗ:

#### ӨЗ БИІГІН БАҒЫНДЫРҒАН ЖАН



2 бет

#### АУҒАН СОҒЫСЫ АРДАГЕРЛЕРІ АРДАҚТАЛДЫ



3 бет

#### ТАБИҒИ АПАТТАРДАН ҚОРҒАНУ БАҒДАРЛАМАСЫ КЕРЕК



3 бет

#### ӘДЕП-ИБАНЫҢ ТЫЙЫМ МӘДЕНИЕТІ



4 бет



## ӨЗ БИІГІН БАҒЫНДЫРҒАН ЖАН

Көзкөргендердің де қатары сирей бастағандай. Бүгінгі биліктігілерге, әсіресе жас буынға көңілің толмаған, ренжіген сәтте неге екені белгісіз, өткен шаққа еріксіз ораласың, өткен күніне ойша шолу жасайсың. Сол кездердегі қызметте отырған азаматтарды санамалай бастайсың. Олардың келбетін көз алдыңа келтіресің. Әрине бәрін емес, дей тұрғанмен санаңа биік тұлғасымен, ақыл-парасатымен, азаматтық болмысымен қалғандарын. Мақтан тұтар ағаларым көп. Ызғарбек Бектұрсынов, Құмарбек Төлендиев, Жеңіс Тойшыбеков сияқты. Бұл азаматтар ауданның тізгінін ұстап, билікте болғандары. Осындай жақсы ағаларымның ішіндегі қалалық болып көзге түспей кетсе де көкейден кетпей жүргенінің бірі – Зәріп Бидайбеков. Ол кісінің еңбегі бір мақалаға емес, бір кітапқа жүк болатындай-ақ.

Кезінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына сүбелі үлес қосып, басшы қызметтерде болып, спорттан да талай биіктерді бағындырған, қолы тиген кез келген саланы өрге дөңгелеткен ағам Алла жазса 75 жастың белесіне шықпақшы. «Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дегенді қаекем жайдан-жай айтпаған болар. Қайта құру, нарық экономикасы, дағдарыс пен өтпелі кезең деген қиын-қыстау кезеңдерде билікте болудың өзі жауапкершілікпен қатар біліктілігі пен аса қайсарлықты талап еткенін сол кездің адамдары жақсы білеміз. Осындай дәуірде аудан әкімінің орынбасары болған, көптеген күрмеуі шешілмей тұрған мекеме, кәсіпорындарды басқарған Зәріп Бидайбекұлы жайында әңгімелекпін.

1949 жылы 18 наурыз күні Ұйғыр ауданы, Добын ауылында соғыс аяқталып елдің еңсесі көтеріліп, ес жия бастаған кезде дүние есігін ашыпты. Әкесі – Бидайбек Қожахметұлы қарапайым шаруа адамы, анасы – Әнипа үй шаруасында болған жандар. Әкесі екеуінің жылдары – сиыр. Ұлдан жалғызы болғандықтан мандайына шаң жуытпай өсіреді.

Ол замандардың да өзіндік заңдылықтары болды. Кеңестер кезінде мықтылар балаларын орыс тілінде оқытты. Орыс тілін білмеген баланың болашағы бұлыңғыр деген түсінік қалыптасты. Сондықтан орыс тілі сыныбында балалар көп болды да, қазақ сыныбы бірен-саран ғана. Сол бірен-саран қазақ сыныбын бітіргендердің бірі – менің кейіпкерім. Қос тілді мектепте білім алғандықтан орысшаны да көп-көрім түсінетіндей деңгейге жетеді. Балалық және жасөспірім шағы өзге балалармен бірдей өтті. 14 жасқа толған кезде ауыр науқастан онала алмай әкесі қайтыс болады. Мектеп қабырғасында жүргендіктен бұл қаза қаншалықты ауыр болса да анасының көңіліне қаяу түсірмеу үшін, үйдегі ер азаматтың рөлін өз қолына алады, ерте есейіп шыға келеді. Анасына қолғанат болам деген оймен қатарластарынан озық тұрды, бастамашыл болды. Ол замандардың да жақсылықтары көп еді ғой. Мәселен спорттан алдына жан салмайтын қыз-жігіттер көшбасшылар қатарында саналатын. Зәкең мықты волейболшы болды. Волейбол командалық ойын, онда бірге ойнаған жігіттермен достасып, жаттықтыруларға бірге барып, қоғамдық ортаның өз тәртібіне бейімделесің. Жігіттік бейненді де, азаматтық ұстанымыңды осы орта қалыптастырады. Оны кейін есейген соң түсінеді екенсің, – деп ағам жан сырын ақтарып отырып әңгімесін жалғастырды.

1965 жылы 11 жылдық мектепті үлгілі бағалармен аяқтап, оған қосымша 3 разрядты сылақшы-өңдегіш мамандығының куәлігін алған Зәріп Бидайбекұлы Алматы зооветеринарлық институтына құжат тапсырады, конкурсте бір балл жетпегендіктен студенттікке кандидат болып қабылданады. Бірақ арқа сүйер әке жоқ, анасы жұмыссыз. Амал жоқ ауылға қайтуға мәжбүр болады. Ақтам ауылындағы мектептің бірінші сыныбына келген бала көп болғандықтан екіге бөліпті. Аудандық оқу бөліміне меңгеруші болған өзіннің тарих пәнінен сабақ берген ұстазын Көбен Күлімбаев мені дипломсыз-ақ мұғалім етіп тағайындады. Мұғалім болған бір жылым менің одан кейінгі өмірімнің алғашқы баспалдағы болды деуге болады, – деп бір сәт балалық, жастық шағын шарлап кеткендей көрінді.

1966 жылы Талдықорған қаласындағы индустриалды техникумының «техник-механик» мамандығы бөліміне оқуға түсіп, 1969 жылы аталған мамандық бойынша диплом алады. Еңбек жолын Талдықорғандағы №23 жол және көпір құрылысы басқармасында слесарь-жөндеуші болып бастайды. Сол жылы қазан айында Талдықорған темір-бетон зауытына техника қауіпсіздігі инженері қызметіне қабылданады. Бұл зауыт бүкіл республиканы темір-бетон бұйымдарымен қамтамасыз ететін. Мұнымен қоса Талдықорған-Өскемен күре жолының бойындағы үлкен жазыққа әскери ұшақтарға арналған аэродром құрылысы басталады. Бұл нысан Мәскеудің тікелей назарында болады. Осындай толассыз қарбалас жұмыстар барысында ұзақ жылдар Қазақ ССР-інің үкімет басшысы болған Әшімов Бәйкен

Әшімұлымен (Талдықорған облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы болатын) кездесіп, жиі араласады. Ол кісі айына бір-екі рет міндетті түрде келіп зауыт басшыларымен, инженер-техник мамандармен кездесіп, жұмыс кеңесін өзі өткізеді екен. Артық сөзі жоқ, мәдениетті, талапшыл, қарапайым және өте зерек адам деп баға берді. Қордаланып шешілмей тұрған мәселелерді өзі тікелей араласып, орталықпен (Мәскеумен) оңды жағына қарай шешетінін де айтты.

1970 жылы Қазақ ССР-інің 50 жылдық торқалы тойы қарсаңында Алматыдағы сол кездегі В.И.Ленин атындағы сарайдың ішін әрлеп, өңдеу үшін ақ мәрмәр таспен камту үшін Текелі қаласының маңайынан (бұрынғы Тельман колхозы) кен орнын ашып, оны іске қосу аталмыш зауыт ұжымына жүктеліпті. Бұл міндет үдесінен абыроймен шыққан. Ал оқып жүрген кезінде Талдықорған облысының волейболдан құрама командасының сапында республика дәрежесіндегі көптеген жарыстарға қатысып, жүлдегер атанады. Спорт арқылы жақсы сыйлас достар тауып, нағыз азамат болып қалыптасқандығын сан мәрте қайталап, спорттың өмірінде алған орнын ерекше әңгімеледі. Сол дәуірдің адамдарының жұмысқа, спортқа, қоғамдық ортаға деген ықыластары мүлдем басқаша екендігіне тағы бір рет көз жеткізесің.

Зауыт басшылары үй немесе пәтер бермекші болады, алайда анасы «Қарашанырақтан ешқайда жылжымаймын» деген соң ауылға қайтуға мәжбүр болады. Ауылға оралған соң көп ұзамай Шонжыдағы №325 жолдарды пайдалану-құрылыс мекемесіне қатардағы механик, 1971-73 жылдары жол жөндеу бекетінің бастығы, 1973 жылдың желтоқсан айында осы мекеменің бас инженері, ал 1978 жылдың қыркүйегінде мекеменің бастығы болып тағайындалады. Сол кездері жаңадан салынған Көкпек-Шонжы, мемлекеттік күре жолдан Дардамты, Кетпен, Кіші Дихан көлік жолдары мен темір бетон көпірлері халық игілігіне әлі де қызмет етуде. Ал Үлкен Ақсу-Долайты, Шарын өзенінен өткел көпірлердің құрылысы аудан үшін өте маңызды нысандар болып, 1975-79 жылдары Зәкеңнің тікелей басшылығымен бірінші қазағынан бастап Кетпен ауылы – Кетпен тау асуы – Шалкөде (биіктігі 3070 м) автокөлік жолының пайдалануға берілгені ағаның өміріндегі биік асу әрі үлкен сынақ болғандығын айтты. Бұл жолдар оның жастығының куәсі. 2022 жылы бұл асуға «Асанбай асуы» деп мемлекет қайраткері, қазақтың біртуар азаматы Асанбай Асқаровтың аты берілгеніне мың тәубе еткендігін аса ризашылықпен жеткізді.

1981-1987 жылдары №202 мемлекеттік жолдарды пайдалану мекемесінің бастығы болып тағайындалады. Бұл мекеменің жұмыс көлемі бұрынғыдан ауқымды. Өйткені мемлекеттік маңызды Көкпек-Шонжы-Көктал, Темірлік-Шонжы-Қалжат күре жолдары мен ұзындығы 690 метрлік Іле өзеніндегі металл көпір еді күтімге алынатын. Қысы-жазы тәулік бойы автокөліктердің толассыз жүруі, қауіпсіз жол қозғалысымен қамтамасыз етуі жүктелген. Бұл міндет те абыроймен атқарылды. Өндірістен қол үзбей жүріп Өскемен жол-құрылыс институтын тамамдап, инженер-құрылысшы мамандығын иеленеді. Еңбекпен шыңдалған, өз жұмысына адал, жауапкершілігі жоғары деген теңеу осындай жандарға арналып айтылса керек. Облыстық партия комитетінің келісімімен А.Розыбакиев атындағы кеңшардың партия ұйымының хатшысы болып сайланады. Бұл кеңшар жоңышқа тұқымымен қатар көп салалы мал шаруашылығы өнімдерін өндіретін. Құрылғанына небәрі 10 жылдай ғана болғанымен, жылдық таза пайда 1,2-1,5 млн. сомды құрап, рентабельділігі 44% ға жеткендігін жадында сақтағандығына тәнті болдық.

1990 жылы ақпанда аудандық кеңес төрағасының орынбасары етіп сайланады, ал Кеңес төрағасы міндетін аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Жәмшит Розахунов атқаратын болды. 1991 жылы еліміз егемендігін алып, құрылым, жүйе мүлдем басқаша реңк алып, қайта құру, нарық қатынастары басталды. 1992 жылы ақпанда ауданның Әкімшілік басшысы Мұратбек Насыровтың бірінші орынбасары лауазымына



тағайындалады. Елімізде әлеуметтік-экономикалық дағдарыс кезеңі басталады. Шонжыға ат басын бұрған сол кездегі мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Тәуелсіз еліміздің қалыптасуындағы ең басты шарт – ол ел ішіндегі тұрақтылық пен тыныштық. Ұлттар арасындағы сыйластық пен ынтымақтастықты және достықты одан әрі нығайту, «бірлесіп көтерген жүк жеңіл» деген дана бабаларымыздың өсиетін естен шығармауымыз керек» деген сөзін насыйлыққа ала отырып, әрі қарай мемлекеттің аяғынан нық тұруы жолында тер төккен жандар көптеген кедергілерге кездесті. Мемлекеттік қазынаның сарқылуынан мемлекеттік тапсырысқа тәуелді болған өндіріс орындарының жұмыстары тоқтап, жұмыссыздар саны күнбе-күн өсіп, әр жерде наразылықтар етек алғандығын аға буын жақсы білеміз. Әсіресе республика көлемінде бюджеттік сала мекемелері мен зейнеткерлердің, жәрдемақы алушылардың жағдайлары қиындады. Дегенмен қабілетті, іскер азаматтар сол дүниелерді шашау шығармай, шаруаларын шыр айналдырып, бүгінде үлкен тірліктің иелеріне айналды. Жекешелінген кәсіпорындар басқа үлгіде жұмыс істеп, халыққа өз өнімдерін тұтынуда. Мал саны мен егістік алқаптары ұлғайды. Тәубе дейік.

Тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдарында-ақ энергетикалық дағдарысқа ұшырағанымызды естен шығара қоймадық. Жарық күндіз жанса, түнде өшетін. Осы қиын саланың басында аудан әкімшілігінен жауапты болып Зәріп Бидайбекұлы тұрды. Барлық тіршілік отын, жанармай мен электр қуатына тәуелді. Қарағанды, Екібастұз көмір кен орындарынан ауданға көмір тасымалдау мардымсыз жүргізілді. Дизель мен бензин Алматыдан келмей қалатын күндер жиілеп, қалыпты жағдайға айналды. Сондықтан оны да бөлшектеп, кезегімен аудан мекемелеріне тамтұмдап жеткізуге тура келген кезеңдер болды. Аудандық электр желілері мекемесіне небәрі 6 мегаватт сағат қана электр қуаты беріліп тұрды. Бұл қажеттілігімізден 4-5 есеге кем деген сөз. Сондықтан қыс айларында кешкі сағат 6-дан кейін электр торабының бастығы, инженерлерімен бірге диспетчерлік бөлмесінде отырып, ана ауылға ток бер, мына ауылды өшіре тұр, ал Шонжының ішіндегі мекемелер мен нысандарды реттеп біреуін өшіріп, біреуіне қуат беріп отыруына мәжбүр болған кездерін есіне алды. Облыстан ешқандай көмек жоқ, «Трактель» шетелдік энергокомпаниясы «ақшанды төлесен электр қуаты болады» – деп келтесінен кесетін. Сондықтан ауылдардағы тұрғындардың бас қосу жиналыстарында электр қуатын тек қана қарыздарды жауып, ай сайынғы төлемдерін өз уақытында төлеуді міндеттеп, қатаң бақылауға алынған соң ғана үнемделіп, жұмыс қойылғандығын да ағаның әңгімесінен түсіндік.

1992 жылдан бастап көршілес Қытаймен экономикалық байланыс орнаған. Олардың бізбен шекаралас Шапшал-Сибо автоном уезінің басшыларымен бірнеше кездесулер өткізіп, екі жақты қарым-қатынастарға қол жеткізгендігіне уақыт кәу. Іле Қазақ автоном облысы (ҚХР) үкіметі басшыларына шекарада «Қалжат» кеден бекетін ашуға облыс басшысына ұсыныс жасалып, республика үкіметіне сауалнама жолданған. Бұл ұсыныс

стары қолдау тапқанымен оның құрылысына қаражат болмаған. Қытайлық әріптестерімізге сұрау салып, екі жақтан қаражат бөліп, кеден ғимараты мен оған баратын жолдың құрылысы басталды. Осы нысанның жұмыс барысына басшылық жасау, қадағалау жауапкершілігі Зәріп Бидайбекұлына жүктелді. Сондықтан ол кісі Құлжа, Үрімші қалаларына жиі барып көптеген мәселелерді шешуге атсалысады. Кеден іске қосылып Шонжы-Қалжат күре жолы күрделі жөндеуден өтіп, жүк тасымалдау мен көлік қозғалысы ұлғая түсті. Жол бойындағы жерасты шипалы ыстық сулар тек қана аудан халқы емес, облыс, республика көлеміндегі жұртшылықтың демалыс орнына айналды. Сондай-ақ Панфилов, Ұйғыр, Нарынқол аудандарының аймақтарына тиесілі Қытай мен Қазақстан мемлекеттік шекарасын демаркациялау (белгілеу) шараларына үкіметтен құрылған комиссияның мүшесі болады. Бұл бағытта да көптеген жұмыстардың басы-қасында болып, аудан үшін тиімді шарттарға қатысады.

1995 жылы әкімшілік басшысының атауы өзгеріп аудан әкімі деп аталатын болды. Сол тұста біздің кейіпкеріміз аудан әкімінің бірінші орынбасары болып қайта тағайындалады.

Алматы облысының әкімі болып қазақтың біртуар ұлдарының бірі жерлесіміз Заманбек Нұрқалиев тағайындалды. 1998 жылдың 1 мамыр мерекесі күніне Заманбек Қалабайұлы Шонжыға келіп, мерекелік шараға арнайы қатысты. Сол күні облыс басшысы Зәкең Алматы облысының табиғат өсімдіктері мен жануарлар әлемін қорғау және пайдалану басқармасының бастығы қызметіне келуіне ұсыныс жасайды. Әрине беделі мен абыройы асқақтап тұрған адамның ұсынысына кім жерге тастайды. Бірден келісімін береді. Өзінің мамандығына қатысы болмаса да үлкен адамның сеніміне селкеу түсірмеу үшін облыс аумағындағы орман, аң және балық шаруашылығы мекемелерінің жұмысына қатаң бақылау орнату шараларын аса жоғары жауапкершілікпен жүзеге асырады. Рұқсатсыз ағаш кесу, орман өрті, заңсыз жабайы аңдар ату мен балық аулау көрсеткіштері біршама төмендейді. 2000 жылы республикалық «Қақпан» жедел іс-қимыл шаралары аясында табиғатқа нұқсан келтірген мыңнан астам құдықбұзушылар құрықталып, заңға сәйкес жазаланды. Соның нәтижесінде министрліміз Жеңісбек Дәукеевтің бұйрығымен бағалы бұйыммен марапатталғандығын мақтанышпен жеткізді.

Сол жылдың желтоқсанында облыс әкімінің шешімімен Алматы облыстық жол және коммуналдық шаруашылығы басқармасының бастығы болып тағайындалады. Басқарма есебінде 7000 шақырымнан астам жергілікті және облыстық маңызы бар жол, облыстағы бюджеттік нысандардың 80% жүйелері, әрбір аудан орталықтарындағы су және көріз құбырлары бар болып шығады. Ал Талдықорған, Қапшағай қалаларының жылу қазандықтары ерекшелік нысандарға жатады. Сол жылғы қыс қарлы, аязды, ал облыстың шығыс аймақтарында қарлы боранды ауа райы құбылып тұрды. Күндіз, түн демей қардан жолдарды тазартумен қатар мектептер мен ауруханалардың жылу қазандықтарын тұрақты сұйық отынмен (дизтопливо) қамтамасыз ету жұмыстары аса қиындықтармен шешіліп жатқан мезет. Мұнай өңдеу зауыттарымен, теміржол басшылармен тұрақты байланыста болуға мәжбүр болғандығын, дегенмен сол адамдармен әлі күнге сыйласып тұратындығын айтты. Біздің кейіпкеріміз кез келген саланы дөңгелетіп әкететін іскер. Денсаулығына байланысты Алматы қаласына ауысып, «Прогресс» ЖШС-тің атқарушы директоры қызметіне тағайындалып, зейнетке шыққанға дейін жұмыс істейді.

Ағаш егіп, ұл тәрбиелеп, көпір соғып, тау асырып жол салған азамат өз биігін бағындырған жан. Қазақстанның құрметті жолшысы, ауданның құрметті азаматы. Жан жары Сара жеңешеміз тіс дәрігері, екеуі 52 жыл бір шаңырақтың отын маздатып, екі ұл, екі қыз өсірді. Қыздары Ләззат пен Жаннат кәсіпкер, олардан төрт жиен немере, үш шөбере сүйген, үлкен ұлы Жандос республикалық «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасында департамент басшысының орынбасары, Астанада тұрады, екі немерелері бар, кенжелері Жәнібек Қазақстан Республикасының сот сарапшылары палатасының экономикалық сот сарапшысы, одан үш немерелері бар. Ұрпақ сабақтастығының осындай зиялы, мәдениетті жалғасының өзі бір бақыт. Зәріп Бидайбекұлының жүріп өткен жолының өзі өнеге. Биіктікті әркім өз деңгейінде бағалап жатады. Ең бастысы өз биігін маңдай тері, табан ақысымен бағындырғандығына біз куәміз. Ендігі қарттық кезеңі тыныштық пен жайлылықпен, сабырлық пен берекемен өтсін деп тілейміз.

Баян МАМЫРБАЕВА



Ерлікке құрмет

## АРДАГЕРЛЕР АРДАҚТАЛДЫ

**Бүгінгі күні Алматы облысы бойынша 1065 Ауған соғысының ардагері тұрады. Айта кету керек, сол соғысқа 1500-ге жуық жерлестеріміз қатысып, 66 боздақ қаза болды, Ұйғыр ауданынан 1 жерлесіміз іс-түссіз жоғалды. Қаза тапқан 66 жауынгер «Қызыл ту орденімен» марапатталды. Соғыстан кейінгі бейбіт күндері 264 ардагеріміз қайтыс болды.**

Бұл жоба аясында өткен жылы 50-ден аса акциялар, 40-тан аса кездесулер мен салтанатты жиындар, тақырыптық қоғамдық қабылдаулар өткізілді. «Ардагерлерді ардақтайық» жобасы тек соғыс ардагерлерін емес, барлық сала бойынша ардагерлерді қамтитынын айта кеткен жөн. Биылғы жылдың 2 айында 50-ге жуық шара өткізілді. Соның ішінде Ауған соғысы ардагерлерімен біріккен жоспар аясында аудандық филиалдарда, бастауыш партия ұйымдарында 30-дан аса шаралар өткізілді. Бұл жұмыстар жыл соңына дейін жалғасатын болады.

«AMANAT» партиясының Алматы облыстық филиалы «Болашақ» бастауыш партия ұйымы «Ар-

дагерлерді ардақтайық» партиялық жобасы аясында Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ауғанның от-жалыны» атты кездесу өткізді.



Кездесуге «AMANAT» партиясының Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары А.Н.Кубентаев, Ауған соғысы ардагерлері, әскери бөлім офицерлері, «Жас сарбаз» сыныптарының оқушылары, «Болашақ» БПҰ мүшелері, БАҚ өкілдері қатысты.

«AMANAT» партиясының Алматы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Аслан Нұрахметұлы Кубентаев сөз алып, айтулы дағаман ардагерлерді құттықтады. Облыстық және қа-

лалық Ауған соғысы ардагерлер одағының төрағасы Қанат Еренұлы Молдабергенов, Ауған соғысы ардагерлері Сейітұлы Алдажар, Нұрлан Махамбекұлы Задин сөз алып, «Жас Сарбаз» сынып оқушылары мен «Болашақ» БПҰ мүшелеріне алғыстарын айтып, лебіздерін білдірді.

Ауыр аманат аркалап, өмір мен өлім белдескен қанды шайқасқа қатысып, батылдық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз Тлеуов Амангелді Құрманғалиұлы, Задин Нұрлан Махамбекұлы, Амренов Камаш Қайыргелдіұлы «Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 35 жыл» төсбелгісімен, бейбіт өмірдегі жарқын істері, қоғамдық жұмыстарға белсенділіктері, түрлі кәсіпті игерудегі ерен еңбектері үшін Молдабергенов Қанат Еренұлы, Рошин Виктор Михайлович, Сейітұлы Алдажар, Кожанов Александр Макарович, Пахальчук Николай Иванович, Орлов Владимир Иванович, Сағадиев Бақыт Сағындықұлы «AMANAT» партия-

сы Алматы облыстық филиалының «Алғыс хаты» және естелік сыйлықтармен марапатталды.

Шара барысында «Жас сарбаз» сыныбы «Егемен Қазақстан», Жүніс Маржан «Соғыс болмаса екен» әндерін орындады,

«Жас сарбаздың хаты» атты Ауған соғысынан үзінді көрініс қойылды. Іле аудандық маслихат депутаты Абдрахманов Айдар Рақымжанұлы арнайы құттықтау сөз сөйлеп, өзінің ән-шашуын тарту етті.

Шараны жоғары деңгейде ұйымдастырып, өткізгені үшін «Болашақ» БПҰ мүшелері Д.А.Қонаев атындағы №1 қазақ орта мектебінің музыка пәнінің мұғалімі Байсарина Гүлмира Қайыртақызы, педагог-ұйымдастырушысы Оман Әлия Әлмұханбетқызы Алғыс хатпен марапатталды.

Шара соңында «Жас сарбаз» сынып оқушылары Ауған соғысы ардагерлерімен естелік суретке түсіп, мектепте орналасқан Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың мұражайымен танысты.

Ардагерлер өткізілген шараға алғыстарын айтып, тарқасты.

Өз тілшімізден.

Мұны білгеніңіз жөн

## ТАБИҒИ АПАТТАРДАН ҚОРҒАНУ БАҒДАРЛАМАСЫ КЕРЕК

**Біздің бүгін көтеретін мәселеміз жер сілкінісі және соның салдарынан туындайтын техногендік су тасқынынан қорғану жайлы болмақ. Арнайы түсініктемелерге жүгінсек, жер сілкіну - жер қыртысы мен жоғарғы мантиядағы кенет ығысу және ыдыраулардың әсерінен туатын жер асты дүмпулері мен жер бетінің тербеле қозғалуы. Қатты дүмпудің ұзақтығы - орташа жер сілкінісінде 2 секундтан 5 секундқа дейін, ал күшті жер сілкіністе 20-дан 90 секундқа дейін болуы мүмкін. Жер сілкіну ауданының радиусы - орташа жер сілкінуде 5-15 шақырым, ал күшті жер сілкіністе 50-160 шақырым болады. Жер сілкінісінің қарқындылығы 6 балда қабырғадан суреттер құлап түседі, қабырғалар жарылады, сылақ бөлшектері түседі, тербеліс жүруге кедергі келтіреді. Ауыр заттардың өз орнынан қозғалуы мүмкін. Ал 7 балда адам қорыққаннан далаға жүгіріп шығады. Кейде аяқта тұру қиынға түседі. Блоктар, кірпіштен және сылақтан жасалған үй қабырғаларында жарықтар пайда болады, төбелеріндегі трубалары құлайды. Ашық құдықтарда су көздері көтеріледі.**

Жер сілкінісінің жойқын күшінің әсерінен болатын апаттар көпшілікке мәлім. Қазақстанда 450 мың шақырымда 27 қала, 400 ден астам елді мекенде 6 млн. халық тұратын, қырық пайыз өндірістік потенциалы шоғырланған аумағында жер сілкіну қаупі бар. Соның бірі - Алматы өңірі.

Алматыда болған ірі жер сілкіністеріне шолу жасап көрейік.

1887 жылы Алматы (Верный) 28 мамыр сағат 04.35 шамасында жер сілкінісі, магнитудасы - 7,3 болған. 236 адам қаза тапқан. 1799 тасқан соғылған үй мен 839 ағаш ғимарат қираған. 1887 жылдан 1890 жылға дейінгі үш жыл ішінде 600-ден астам жер асты дүмпуі тіркелген.

1889 жылы 12 шілдеде Шелек зілзаласының қуаты 10 балға жеткен. Тұрғындар дүмпуден тік тұра алмай, құлаған. Салдарынан 3000-нан астам ғимарат қирап, 44 адам зардап шеккен. Қайтыс болғандар саны - 7. 1 қарт пен 6 бала қаза тауып, 4 адам ауыр жарақат алды. Михайловск, Маловодное, Шелек ауылдарында 17 адам қабырғалармен және жер шатырларымен жаншылған. Тұрғындар иттің күні бойы ұлығанын айтқан.

1911 жылы 4 қаңтарда Қырғыз қаласы Кемин зілзаласының қуаты 9-10 балға жеткен. Сілкініс көлденең соққылардан басталып, тербелістермен аяқталып, ұзаққа созылған. Қаза тапқандардың жалпы саны - 390 адам. 616 киіз үй қираған. Верныйда 44 адам қаза тауып, 108 адам жараланған. Сазоновка ауылында 9 адам қаза тауып, 20 адам жараланса, Тоқмақ қаласында 11 адам қаза тапқан.

Жер сілкінісінің ең күштісі 1990 жылғы 28 желтоқсандағы ҚР - 11,7 жер сілкінісі болды. Ол жақын маңдағы елді мекендерге 4 балл қарқынды Жетісу өңірі, Жамбыл облысын, Қырғызстанның Ыстықкөл облысын қамтыды.

2009 жылдың 13 маусымда сағат 23:17-де Текелі қаласы жер сілкінісінің дүмпулерінің күші 7 балл, ағаштан жасалған тұрғын үйлер опырылып, қатты зақымданды. Әр жерде кірпіштен жасалған мұржалар құлап, пештер қирады.

2011 жылғы 1 мамырда 08:31-де Алматыда жер сілкінісі. Оның қуаты 4-5 балл болды. Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Евгенемаловодное ауылында 28 тұрғын үй мен Островский бастауыш мектебінің ғимараты зардап шекті. Бірнеше қабырғасы опырылып, жарықшақтар пайда болды. 500-ге жуық бала жақын жерде орналасқан мектеп ғимаратына ауысқан.

Жер сілкінісі адам, жер таңдамайды, айтып та келмейді. 1948 жылы қазанда Түрікмениядағы (7,3 балл) жер сілкінісінен Ашхабад қаласы түгел қирады, 110 мың адам қаза тапты. 07.12. 1988 жылдың 7 желтоқсанында 7,7 баллдық жер сілкінісінен Арменияда 3 қала

түгелімен қирады. 30 мың адам қаза тапты, 15 мың адам қираудың астынан құтқарылды. 1995 жылдың 17 қаңтарында жер сілкінісі Жапонияның батысында Кобе портының ауданында өтті, тұрғын үйлерді жермен жексен етіп, коммуналды жүйелерді қиратып, 5 мың адам жер астында қалып қалды. 1995 жылдың 27 мамырында түнде Сахалиннің Нефтегорск қаласы соққыдан (19,2 балл) толық қирады. 6 айдан кейін Охе қаласында апат тағы да қайталанды. 6,1 балл жер сілкінісінде 9 қаңтар түнде 800 отбасы тұратын 14 қабатты тұрғын үйлер қирады. 2 сағатта 7 соққы тіркелді.

2024 жылғы 23 қаңтарда 0 сағат 09 мин 02 секундта жер асты дүмпуі Алматының оңтүстік-шығысында болды. Магнитудасы



- 6,7 балл. Халқымыз «Жақсылықты көрмеген-соқырлық, кемшілікті көрмеу - жаныашы-мастық»-дейді. Қалада жердің қай аймағында тектоникалық жарық бар екені, қай аймақтың топырағы бос екені сейсмикалық картада көрсетілгеніне қарамай, көп қабатты үйлер арақашықтық ескерілмей бір-біріне тым жақын салынған. Жер сілкінген жағдайда үйлер құлайтын болса, (апаттың беті әрі болсын!) адам өте алмайтыны сөзсіз. Арақашықтық құтқарушы ірі техника, жедел жәрдем өтетіндей болуы керек. Сол түні Шелек өңірінен де бір мектеп ғимараты сыр берді. Зілзала салдарынан зардап шеккен ғимараттардың саны 67-ге жетті. Тиісті мекемелер халыққа хабарламаған. Біз ескертейік, артық болмас. Сейсмикалық қауіпті өңірде тұратын адам дабыл сандығын алдын ала дайындап жеке құжаттарды, дәрі-дәрмек, су, бұзылмайтын азық-түлік, қолшам, телефон қуаттайтын құрылғы, жылы киім салып қойғаны дұрыс. Ғимарат шайқалған кезде баспалдаққа шығуға және лифтіні қолдануға болмайды. Үй ішінде негізгі ішкі қабырғаның жаны, есіктің жақтауы және қабырғаның бұрышы қауіпсіз орын саналады. Көшеде үйдің кіре берісінің маңынан алшақ тұрыңыз. Шатырдан ауыр зат құлап кетуі ғажап емес. Автокөлікпен ашық алаңға тоқтау керек.

Жер сілкінісінің бір түрі техногендік жер сілкінісі - су қоймаларын жасау, жер асты суларын шығаруынан, жарылыстардан болады. 2010 жылы 12 наурызға қараған түні Қызыл-

ағаш су қоймасындағы бөгеттің бұзылуынан 18 минуттың ішінде Алматы облысы Қызылағаш ауылы шайылып, 37 адам қаза болған. Су қоймасындағы жиналған су 47 млн текше метр еді. Биіктігі 5 метрден асатын су бар баспананы бұзып-жарып, астан-кестенін шығарды. Мал да, адам да дариямен ағып кетті. Топан су көліктерді ағызып әкеткен. 146 үй толығымен шайылып кеткен, 251 үй қираған. Алматы-Өскемен жолындағы көпір бұзылды. Поездар қозғалысы тоқтатылды. Су қойма мен ауыл арасындағы 7-8 шақырым ыдырылған топанға түк болмады. Су көршілес Егінсу, Молалы, Көлтабан елді мекендерге жетті. Негізгі себеп- адам факторы, жауапсыздықтың салдары.

Биылғы жерасты дүмпуі біздің бүгінгі күнге дейін табиғи апаттарға қарсы тұруға селкостық қарағанымызды көрсетеді. Көрші Түркияда құрылысшылардың кемшілігінен жер сілкінісінен 51 мың адам қаза болған еді.

Халқымыз тілсіз жаудың біріне суды жатқызады. Бартоғай бөгені Еңбекшіқазақ ауданы Жаңа шаруа ауылынан 19 шақырым жерде орналасқан. Абсолюттік биіктігі - 1067 метр. 1980 жылдары егін шаруашылығына қажетті суды жинақтау үшін екі таудың арасынан ағып өтетін Шелек өзенінің 78 метрлік бөгені, аумағы 12 км², жиналатын су көлемі 320 млн./м3 (пайдалы көл. 250 млн./м3). Бөген 1986 жылы толық пайдалануға берілді. Бөгенге ағып келетін судың жылдық орташа мөлшері 1 млрд./м3-ге жетеді немесе бөгеннің сыйымдылығынан 3 есе артық. Маусым айынан бастап, қыркүйек айына дейінгі аралықта су қоймасынан секундына 80 куб метр су жіберіледі. Мақала авторы сол кезде Шелек аудандық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінде құрылған Бартоғай су қоймасы мен Үлкен Алматы каналы құрылысына қатысқан 42 құрылыс кәсіпорны мен 2500 адамға аудандық аурухана, мәдениет бөлімі, кино жүйесі, почта та, тұрмыстық қызмет көрсету комбинаты қызметкерлері жұмыстарын үйлестіру тобының жетекшісі болып, құрылыстың басы-қасында болған. Су қоймасы қолданысқа берілген кезде аудан жұртшылығын ғалым мамандар сараптамамен таныстырып, техногендік жер сілкінісі қауіптері туралы түсініктеме берген болатын.

Қауіпсіздік энциклопедиясына көз жүгіртсек, магнитудасы 7-ден жоғары ірі немесе жойқын сілкіністер сол аймақта 80 жылдан 200 жылдар арасында қайталану ықтималдығы өте жоғары. Әртүрлі елдерде суға толған су қоймасының астында немесе жанында жер сілкінісі болған кем дегенде 13 жағдай тіркелген. Жасанды су қоймаларын толтыру нәтижесінде пайда болатын жер сілкінісі жақсы зерттелген мәліметтерден 2 мысал келтірейік. Замбиядағы 128 метрлік бөгетпен жабылған Кариба су қой-

масын толтыру 1958 жылы бастап, 1963 жылы су қоймасы жобалық деңгейіне дейін толтырылған кезде, жақын маңдағы сейсмографтар 2000-нан астам жергілікті жер асты дүмпулерін тіркеді. Орталығы бөгеттің жанында (103 м) орналасқан, магнитудасы 6,5 болатын Койна (Үндістан) 11.12.1967 жылы жер сілкіністер ғимараттарға зиян келтіріп, 177 адам қаза тауып, 1500-ден жарақат алды.

Жалпы алғанда, бұл механизмде резервуар толтырылған кезде пайда болатын қосымша су қысымы осындай қысымның толқыны немесе импульсі түрінде жер қыртысына беріледі. Қысым импульсі микрожарықшалардың даму аймағына жеткенде, ол оларға судың түсуіне ықпал етеді және тектоникалық серпімді деформацияның әсерінен жарықтар бойымен сырғанау мен серпімді кері иілудің дамуына кедергі келтіретін күштерді әлсіретеді.

Мамандардың есебі бойынша (1982ж), Бартоғай бөгені жер сілкінісі 8-9 баллдан асқан жағдайда сыр беруі мүмкін. Күшті жерасты дүмпуінің салдарынан бөгенді бұзған көлемі 250 млн текше метр су Шелек өзені арнасымен тау ішімен 19 шақырым жерді 7 сағатта өтіп, жолшыбай Жаңашаруа, Қайрат, Май ауылдарын шайып, Шелек ауылын 10 метр биіктікте басады. Таудан құлаған тас аралас лай су Шелек арнасы мен Торғай базасы аралығын жайпап, Сарыбұлақ, Ақтоған ауылдарын басып Іле өзені жағалауына дейін жайылады. Шелек ауылының 124 көшесінің басынан аяғына дейін көше бойында тура тартылған арықтың болмауынан, су жайылып, 8204 ауланың 70 пайызы ескі үйлерді құлату қаупі мол. Шелек су құбыры жүйесі, электр тарату жүйесі, темір жолы, Алматы- Қорғас, Алматы - Нарынқол тас жолы су тасқынын бірінші болып қарсы алады. Су тасқыны өзімен бірге жолдан шайылған бейіттер, әжетханалар қалдықтарын да алып келіп, суды, ауаны былғайды. Тасқынның келтіретін зардаптарының қатарына үйлер мен ғимараттар, көпірлер қирауын, жолды су шайып, инженерлік келілердегі апат, адамның зардап шегуі мен жан-жануардың қырылуын жатқызуға болады.

Жер сілкінуі қауіпті өлкеде тұратынымызды ұмытпағанымыз жөн. Жоғары - да келтірілген табиғи апаттардан қаншама адамның қаза болғанын көреміз. Табиғи апат айтып келмейді. Адам шығынына жол бермеуге күш жігерімізді бағыттауымыз керек. Болатын нәрсеге ешкім қарсы тұра алмайды. Болатын нәрсе болады. Одан жалғыз қашып құтыла алмайсың. Төтенше жағдай туралы ресми органдардың ақпаратына ғана сену керек. Елмен бірге көреміз. Сақтануды және сабырлы болуды ұмытпайық. Ынтымақ, бірлікте қиыншылықты жеңуге болады. Жаныңдағы адамға қол ұшын беруді өзіне міндет сана. Жастар мен оқушылардың апаттан сақтану шаралары туралы сауаттылықты арттыру қажет. Қауіпсіздік апталығын өткізіп отыру, халықты табиғи апаттардан қорғау жоспарын жасау керек. Тек Шелек бойынша қауіпті жерден 35346 ауыл тұрғынын, оның ішінде 3860 зейнеткер мен 5680 мектеп оқушыларын, 254 ауруханада жатқандарды бір мезгілде алып шығу, орналастыру, әлеуметтік көмек көрсету туралы іс-шара жоспарлану керек. Одан кейінде зардап шеккен аумақты қайта қалпына келтіру іс-шаралар жоспарлауға болады. Қандай төтенше жағдай болмасын апаттан сақтану шараларын естен шығармай уақытылы орында-сақ, қатарымыз ортаймайды.

Нұрлан Ердаулетұлы,  
Еңбекшіқазақ ауданының  
Құрметті азаматы



## ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

ҚҰРМЕТТІ  
ЗӘРІП БИДАЙБЕКҰЛЫ

Қазақстан Республикасының (Қазақ КСР) «Құрметті жолшысы» Ұйғыр ауданының «Құрметті азаматы», партия, кеңес дәуірінде аудан, облыс көлемінде жауапты қызметтер атқарған ауданымыздың мақтанышы Зәріп Бидайбекұлы 2024 жылдың 18-ші наурызында өзінің 75 жылдығын қарсы алғалы отыр. Мерейтой иесі туған-туыстарының қамқоршысы, ақылшысы, 9 немере мен 3 шөберенің мейірімді атасы, отанасының асыл жары. Ауданымыздың мақтанышы болған Зәріп Бидайбекұлын туған күнімен құттықтай отырып, оған зор денсаулық, ұзақ өмір, бақытты қариялық тілейміз. Бала-шағаңыздың қызығын жұбайыңызбен бірге көріп, ұзақ ғұмыр кешіңіздер.



Құрметпен «Ардагерлер ұйымы»  
РҚБ Ұйғыр аудандық филиалы.

## Ізденген жетер мұратқа

## АРМАНЫ АСҚАҚ - АСҚАР

Сахиев Асқар Іле ауданы, Төле би ауылы №37 орта мектебінің 7 «А»-сынып оқушысы.

Қарапайым, тәрбиелі көп балалы отбасында дүниеге келгендінен болар Асқар өте ұқыпты, үлкенге ізет, кішіге ілтипат көрсету сияқты адамгершілік қасиеттерін санасына жақсы сіңірген өте тәрбиелі оқушы. Бірінші сыныптан бері үздік оқу озаты, өте қызығып оқитын пәні математика. Жыл сайын аудандық білім бөлімі тарапынан математика пәні бойынша өткізілетін пәндік олимпиадаға қатысып, жүлдегерлер қатарынан көрініп келеді.

Биылғы ақпан айында өткен кезекті аудандық математикалық пән олимпиадасына қатысып, тағы да



жүлделі ІІ орынды иеленді. Соның нәтижесінде аудандық білім бөлімі басшысының ІІ дәрежелі дипломымен марапатталды.

Сыныпта, мектепте өтетін іс-шараларға белсене қатысады. Бос уақытында мектептегі волейбол үйірмесіне қатысып, осы ойынның жан-жақты қыр-сырын меңгеруге машықтануда.

Менің келешекте қандай маңандық иесі болғың келеді? -деген сұрағымға, Асқар: «келешекте математика пәнінің мұғалімі болу арманым»- деп жауап берді. Мен сәл ойлансып, «Арманың алға жетелесін, арманыңа жет!»-деп, жүрек жарды шынайы тілегімді білдірдім.

Д. ЖАМАЛБЕКОВ,  
Ащыбұлақ ауылдық  
ардагер ұстаздар  
кеңесінің төрағасы

## Ұлттық тәрбие

## ӘДЕП-ИБАНЫҢ ТЫЙЫМ МӘДЕНИЕТІ

Мәдениеттілік дегеніміз-ибалылық. Мәдениеттілік дегеніміз-текті халқымыздың ұрпақтарын ізгілікке тәрбиелеп, кісілікке жетелейтін дүние. Қазақ өз ұрпағын мәдениетке тәрбиелеуде ошақтың үш тіреуі секілді «Жаман болады», «Ұят болады» және «Обал болады» деген үш қасиетті тәрбиені алға тартып отырған. Қазақтың дәстүрлі тәрбиесінде әдеп-ибаға жетелеп, ізгілікке бастайтын ырым-тыйымдар өте көп. Бұл ырым-тыйымдар-жарасымды қоғам ортасын құрудың және инабатты адам тұлғасын қалыптастырудың алғышарты. Сол ырым-тыйымдардың бір-екеуін мысалға келтіре кетелік.

## «АДАМНЫҢ ҮСТІНЕН АТТАМА!»

Халқымыз киімнің үстінен аттамауды дәріптегенді қойып, жағалы киімдердің аяқтың астында қалуын қуаттамаған. «Адамның үстінен аттама!» деген тыйымға талдау жасасақ, мұнда адамға деген құрмет жатса, енді бір жақтан қауіпсіздікті назарға алған деп айтуға болады. Мәселен, ұйықтап жатқан адам болып, үстінен аттай бергенде аяғын не қолын сермеп қалса, немесе тосыннан аунап кетсе, тіпті тұра келсе онда аттап бара жатқан адам немесе жатқан адам соққы алулары әбден мүмкін. Қазақтың жатқан малдың үстінен аттаппауы да қауіпсіздікті ойлауынан.

## «СӨЙЛЕГЕНДЕ АДАМҒА ҚАРАТЫП САУ-САҒЫНДЫ ШОШАНДАТПА!»

Біздің бұл тыйымымыз қазір халықаралық аренада да кеңінен қолданылып отыр. «Оның көзіне шұқып тұрып айтамын» деп жатады ашуланған адамдар. Анадайда кенесіп тұрған екі адамның біреуі болмаса екеуі де сөйлегенде біріне бірі сұқ саусағын шошандатып тұрса, көрер көзге дауласып тұрғандай сезілетіндігі сөзсіз. Біреумен кеңескенде мұрын ұстамай, құлақ шұқымай, бет-ауызды сипаламай, қолды шошандатпай, байсалды бейнеде сөйлеу айтуға жәй іс болғанымен мұның өзі-үлкен бір мәдениет. Енді бір қырынан айтқанда, сіз саусағыңызды шошандатып сөйлеп тұрғанда қарсы жақ кенеттен еңкейіп қалса, бетін немесе көзін түрткіп қалуыңыз әбден мүмкін. Дана халқымыз міне, осылардың барлығын тәжірибеден өткізбесе де, зейінмен зерделеп, зиянын алдын ала данышпандықпен мөлшерлей білген.

## «АДАМҒА ҚАРАП ТАЛТАЙЫП ОТЫРМА!»

Үлкендеріміз мейлі ұл болсын, мейлі қыз болсын, отырғанда аяғын жиып, жинақы отыруды дәріптеген. Қазіргі күнде үлкендер алдында болсын, топтық орта болсын «мынауым ерсі, ұят болады-ау» деп киінетін қыз-келіншектер азайып бара жатыр. Хакім Абнай атамыз отыз алтыншы қара сөзінде: «ұят» деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігінді ішкінен өз мойнына салып, сөгіп қылған қысымның аты» дейді. Әйелдердің ашық-шашық киінбеуі қоғамдағы ерлердің теріс жолға түспеуіне де себеп бола алады. Ашық-шашық киіну әйелдерді қатерлі ісікке де оңай шалдықтырады екен. «Әйелдердің ашық-шашық киінуі ерлерді ерлік қуатынан ерте айырады» деген пікірлер де аз емес. Гүл-шөптерді көп көрмеген адамдарға қарағанда сайын сахарда жүрген адамдарға бәйішешектің аса таңсық иісі сезілмейтіні сияқты,

ашық-шашық киінгендерді көп көрген ерлердің әйелдерге деген қызығуы бәсеңдеп, сезімі де солғындап, ерлік қуаты әлсірейді екен. Ашық-шашық киіну сәнге айналған Еуропа елдерінің бағыр ұланы, былғары қолғап шебері Майк Тайсон: «Ашық-шашық киінген қыздарды көргенімде үйінде намысы бар нағыз еркек жоқ екенін бірден түсінемін» деген екен. Тағылым сөздерді басқадан іздейтін әдетімізді қайыра тұрып ой жүгіртсек, ұлылардан қалған «Өлімнен ұят күшті», «Бар боледен ұят сақтайды», «Арсыз болса қыз жаман, ақылсыз болса ұл жаман», «Ақылын болса, арынды сақта» сияқты әр сөзі мың ділдаға бергісіз дана сөздер аз емес.

## «АДАМҒА СЫРТЫҢДЫ ҚАРАТПА!»

«Қазақ әдеби тілінің сөздігінде» бет бұрудың «ыңғай көрсетті», «қарады» деген сияқты түсіндірмелерінен тыс, «теріс қарады», «сырт айналды», «жалтарды», «ұнатпады», «жақтырмады» деген мағыналары берілген. Мәселен: «сезе қалып жүрттың бетті бұрғанын, ол сөйледі болашақтың бір қамын. Білген де жоқ орамалдың ұшымен, маңдайына жел сабалап тұрғанын» (Х.Ергалиев «Біздің ауыл»). Әдетте біреуге ренжіген, бетін көргісі келмеген адам одан бет бұрып, сырт айналады. Ат кекілін кесіскенде «ол мүлде бет бұрды» дейтініміз де сондықтан. «Қалың ел қайырымсыз ханнан бет бұрды» деген сөздер осыған дәлел. Сол үшін халқымыз адамға жылы шыраймен тура қарап отыруды дәріптеп, сыртын беріп отыруды әдепсіздік, құрметсіздік деп есептеген. Ұялақ бойжеткен, ибалы келіндер үлкен, сыйлы, бейтаныс адамдардың алдында бүкілдей теріс қарап отырмай, сәл қиғаштап отыруды дағдыға айналдырған. «Ауырақ кезінде біреуге тесіле немесе таңқала қараса баласы соған ұқсап ту-

кіміне жұғуы мүмкін. Медициналық тұрғыдан айтсақ, егер жұқпалы ауруыңыз болса, тұмау тиіп жүрсе, түшкіру барысында қарсы жаққа оңай жұқтырасыз, елді зияндайсыз. Тұтас жер шарын шарпыған корона вирусының тыныс жолы арқылы таралуынан түшкіру арқылы таралуының неше есе жоғары екенін айқын дәлелдеген жоқ па?! Адамға қарап түшкіріп-пысықу-әдепке оғаш, амандыққа қиғаш әрекет.

## «АДАМҒА ҚАРАП ЕСІНЕМЕ!»

Біреуге қарап ауызды арандай ашып, есінеп отыру-шынында да өрескел қимыл. Осы негізді қуалай келіп, бұрын жоқ болса қазіргі кезге бейімдеп, «Адамға қарап тіс шұқыма!» деген тыйымды да қосуға болар-ау.

## «ҮЙГЕ СЫРТЫҢМЕН КІРМЕ!»

Үй ішінде әке-шеше, аға-бауыр сияқты үлкенді-кішілі адамдар отырады. Кейде бейтаныс қонақтар болады. Егер үйде бөгде адамдар болса, қандай ашулы жүрсе де жылы жүзбен сәлем беріп кіру керек. Бұл-әдеп-ибадағы өзгермес қағида. Ал кері шегініп келе жатып табалдырыққа шалынып жығылсаң, үйде отырғандарды күлкіге қарық қылуды айтпағанда, жазатайым жараланып қалуың, пешке құлауың мүмкін. Бұл тыйымға қай жағынан талдау жасасақ та әдеп-ибамен қоса жеке адамның қауіпсіздігіне саяқтық белгісін жасап, жол сілтеп тұрғанын байқауға болады.

## «БІРЕУГЕ БЕРЕРІНДІ СОЛ ҚОЛЫҢМЕН БЕРМЕ!»

Сәлем-сөздің анасы. Үлкендерге қос-қолдап, ал жәй ағайын-достар өзара оң қол беріп амандасу-біздегі ұзақ уақыттан бергі жалғасып келе жатқан дәстүр. Ер мен әйел ортасындағы амандықта әйел адам қол бермесе ер адам алдымен қол ұсынбайды. Қазақ та басқа халықтар сияқты әр істің оңына басуын тілейді. Оң қол беріп амандасу қарсы жаққа деген құрметінді, шынайы пейілінді білдіреді. Сосын да халқымыз біреуге бірдене берерде құрметін, ықыласын білдіріп, оң қолмен беруді дағдыға айналдырған. Әрі ұрпақтарын солай істеуге насихаттаған. Дастархандағы асты да оң қолымен алып жейді.

Қазіргі күнде көп санды жастардан әдеп азайып, ұят адыра қалып барады. Әке-шешесіне құдды өз баласындай қожандап жататын ұл мен қызды, енесінің ақ самайына жағаласып отыратын көкбет келінді, үлкен келсе аяғын тарғып, етегін жаппайтын бойжеткенді, ашық-шашық киініп, кердеңдей басып жүретін келіншектер мен қыздарды, үйге қонақ келсе, алдынан шығып, сәлем беріп, киімін ілгенді қойып, «адам келіпті-ау» деп, елеп те қоймай, өз жайымен отыратын есейген бала-шағаны кезіктіру таң қаларлық жағдай болудан қалып барады. Қайсыбір кітаптан:

«Сен өзіңнің сөзіне көңіл бөл, сөзің әрекетіңе айналмай мүмкін. Сен өзіңнің әрекетіңе көңіл бөл, әрекетің әдетіңе айналуы мүмкін. Сен өзіңнің әдетіңе көңіл бөл, әдетің сенің мінезіңе айналуы мүмкін. Сен өзіңнің мінезіңе көңіл бөл, ол сенің тағдырыңды белгілейді» дегенді оқыған едім. Құдды араға талай уақыт салып барып, қаныңа өтетін заһар сияқты бойымызға білінбей кіріп, табиғатымызды өзгертіп, ата дәстүрімізден алшақтататын жайсыз әдеттер мен сығарт мінездерді шектей білмесек, күндердің күнінде «ұлтымның асыл қасиеттерінің бірі мынау еді» деп айтарға ауыз таппай қаларымыз да анық.

Дайындаған  
СИҚЫМБЕКТИҢ АЛТЫНБАЙЫ.



ады» деп, қатаң ырымдайтын халқымызда, қыл-аяғы жүкті әйелдердің өзі мұрны пұшық, көзі қыли дегендей, бет әлпеті көріксіздеу адамдар үйге келгенде оларға сыртын қаратпаған. Бұлай істеу әдепсіздік, құрметсіздік, оларды қорлағандық есепті санаған. Қоғам жарасымдылығына, адамдардың уыздай ұйыған ынтымағына кері әсер жасайтын факторлардың бірі-өзін зор, өзгені қор санап, қарсы жаққа құрмет етпеу. Бұрынғылар бір ауылдың берекесі, тыныштығы үшін жарлы-жақыбайлар мен кем-кетіктерді төмен санамай, шынайы құрметтей білген.

## «АДАМҒА ҚАРАП ТҮШКІРМЕ!»

Біреуге қарап түшкіру-өте ерсі қимыл. Мұрнынан шыққан шашырандылар қарсы тұрған адамның бетіне не

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Боашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 23-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санының таралымы – 6280.

Тапсырыс №447

Индексі – 65472.

АЛАТАУ  
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

«Ардагер ұйымы»

Республикалық қоғамдық бірлестігі

Алматы облыстық филиалы

Директор:

Ерболат ТҰРЫМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова

Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сиқымбек

Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев

Тел.: 8 747 706 1334